

ӘОЖ 341.

## **НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖЕКЕ ЗАҢ РЕТИНДЕ**

**Мусаева Аружан Жанатқызы**

*aruzhan\_musaeva@mail.ru*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ Астана, Қазақстан

Халықаралық құқық кафедрасы 31 топ, 3 курс студенті

Ғылыми жетекші: Сейдеш Б.Б

Зандық мағынасында отбасы дегеніміз – бұл некеден, туыстықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың өзге де нысандарынан туындастын және отбасылық қатынастарды нығайту мен дамытуға септігін тигізетін, мүліктік және мүікке қатысты емес жекебастың құқықтарымен байланысқан адамдар тобы. Отбасылық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жиынтығы отбасылық құқық деп аталады. Отбасы – неке қатынастарын реттейтін негізгі нормативтік құқықтық акт Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы туралы» Кодексі болып табылады. Неке – отбасын құрудың негізі болып табылады. Ерлі – зайыптылар арасындағы мүліктік және мүліктік емес жеке қатынастарды туындастаратын отбасын құру мақсатымен, заңда белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімі жағдайында жасалған ерекек пен әйелдің арасындағы тең құқықтық одақты – неке деп түсінуіміз қажет. Отбасының ішкі мәселелері отбасы мүшелерінің өзара келісімі бойынша шешіледі. Егер ол мәселе кәмелетке толмағандардың мұдделеріне қатысты болса, оны шешуге балалар да қатыстырылады. Құқықтық нормаларға араласу отбасылық қатынастар бұзылғанда қажет. Жеке бастық қатынастармен салыстырғанда отбасылық мүліктік қатынастар құқық арқылы егжей – тегжейлі реттеледі, өйткені бұл қатынастардың объектісі материалдық игілік болып табылады. Отбасылық құқық азаматтық құқықпен тығыз байланысты. Мәселен, отбасылық құқықпен реттелмеген отбасы мүшелерінің арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес қатынастарды реттеуге азаматтық заңнама қолданылады, өйткені ол отбасылық – некелік қатынастардың мәніне қайши келмейді[1].

Заңда неке таңдауға ерік берілген, яғни некеге тұру немесе оны бұзу үшін тараптардың өзара ерікті келісімі қажет. Некеде ерлі – зайыптылардың құқықтары мен міндеттері тең, әйелдердің құқығын шектеуге жол берілмейді. Бұл әйелдердің үй шаруашылығын жүргізумен ғана айналысып қоймай, сондай – ак ерімен бірге бизнеспен айналысуына, мансапқа талпынуына мүмкіндік береді. Ерлі – зайыптық қатынтар, әдеттегідей ғұмырлық, яки некеге тұру begілі бір мерзім көрсетілмей жүзеге асырылады. Қазақстанда мемекеттік АХАТ органында тіркелген неке ғана танылады.

Қазақстанда некеге тұрған кезде отбасылық қатынастарда әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, тілдік немесе қай дінді ұстанатындығына қарай азаматтардың құқығын шектеудің кез келген түрлеріне тыйым салынады. Отбасын құру үшін неке жасына жетудің үлкен маңызы бар. Некеге тұрушылар белгілі бір рухани және құш – қуат кемелділігіне ие болуы керек, ол белгілі бір жаспен байланысты. Біздің заңымызға сәйкес неке жасы – 18 жас.

АХАТ органдары дәлелді себептері болған жағдайда неке жасын екі жылдан аспайтын мерзімге төмендете алады. Неке жасына жетпеген адамдардың некеге тұруына ата – аналарының келісімі бойынша ғана рұқсат етіледі. Жүктілік немесе баланың тууы, әскери қызметке шақырылуы, кәмелетке толмағандардың нақты отбасын құруы дәлелді себептердің қатарына жатады. Соның өзінде басқа да дәлелді себептердің болуы мүмкін. Некеге тұратын адамның тікелей қатысуымен неке мемлекеттік АХАТ органдарында қыллады. Некені сенімхат бойынша немесе өкілдер арқылы қиоға тыйым салынады. Қамауда немесе бас бостандығынан айырылғандар некеге отыра алады. Алайда оларда мемлекеттік тіркеу АХАТ – та емес, бас бостандығын айыру орнында немесе қамауда отырган жерде жүргізіледі[2].

11-бапәйкес араларында неке қылудына (ерлі-зайыпты болуына) жол берілмейтін адамдар

Некелесуге (ерлі-зайыпты болуға):

- 1) бір жынысты адамдардың;
- 2) олардың біреуі болса да басқа тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұратын адамдардың;
- 3) жақын туыстардың;
- 4) бала асырап алушылар мен асырап алынған балалардың, асырап алушылардың балалары мен асырап алынған балалардың;
- 5) соттың заңдық құшіне енген шешімі бойынша олардың біреуі болса да психикалық ауруы немесе ақыл-есі кемдігі салдарынан әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдардың арасында жол берілмейді.

Ал некені тоқтату 4 тарауда жазылған. 14 бап: Некені (ерлі-зайыптылықты) тоқтату өздеріне байланысты емес мән-жайлар салдарынан (қайтыс болу, олардың біреуін қайтыс болған деп жариялау немесе хабар-ошарсыз кеткен деп тану) не осы Кодексте белгіленген тәртіппен некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу жолымен ерлі-зайыптылардың екеуінің де не біреуінің өз еркі бойынша іс-әрекеттер жасауы нәтижесінде ерлі-зайыптылар арасында заңдық қатынастардың тоқтатылуы болып табылады.

15-бап. Ерлі-зайыптылардың біреуінің қайтыс болуы, соттың оны қайтыс болды деп жариялауы немесе хабар-ошарсыз кеткен деп тануы салдарынан некенін(ерлі-зайыптылықтың)тоқтатылуы

1. Неке (ерлі-зайыптылық) ерлі-зайыптылардың біреуі қайтыс болуы, сондай-ақ сот оны қайтыс болды деп жариялауы немесе хабар-ошарсыз кеткен деп тануы салдарынан тоқтатылады.

2. Сот қайтыс болды деп жариялаған немесе сот хабар-ошарсыз кеткен деп таныған жұбайы келген және тиісті сот шешімдері құшін жойған жағдайда ерлі-зайыптылардың бірлескен өтініші бойынша тіркеуші орган некені (ерлі-зайыптылықты) қалпына келтіруі мүмкін.

3. Неке қию (ерлі-зайыпты болу) кезінде тараптарға (немесе тараптардың біріне) хабар-ошарсыз кеткен деп танылған немесе қайтыс болды деп жарияланған жұбайы тірі екені белгілі болған жағдайларды қоспағанда, егер басқа зайыбы жаңадан некеге отырса (ерлі-зайыпты болса), некенің (ерлі-зайыптылықтың) қалпына келтірілуі мүмкін емес.

16-бап. Некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу

1. Неке (ерлі-зайыптылық) ерлі-зайыптылардың біреуінің немесе екеуінің өтініші бойынша оны бұзу жолымен, сондай-ақ сот әрекетке қабілетсіз деп таныған жұбайының қорғаншысының өтініші бойынша тоқтатылуы мүмкін.

2. Некені (ерлі-зайыптылықты) зайыбының жүктілігі кезеңінде және бала туғаннан кейінгі бір жыл ішінде оның келісімінсіз бұзуға болмайды.

17-бап. Тіркеуші органдарда некені (ерлі-зайыптылықты) бұзу

1. Кәмелетке толмаған ортақ балалары жоқ ерлі-зайыптылардың некені (ерлі-зайыптылықты) бұзуға өзара келісімі кезінде және бір-біріне мүліктік және өзге де талаптары болмаған кезде тіркеуші органдарда неке (ерлі-зайыптылық) бұзылатын болады.

2. Егер ерлі-зайыптылардың біреуін:

- 1) сот хабар-ошарсыз кеткен деп таныса;
- 2) сот әрекетке қабілетсіз деп таныса;
- 3) сот әрекет қабілеті шектеулі деп таныса;

4) қылмыс жасағаны үшін кемінде үш жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға соттаса, неке (ерлі-зайыптылық) ерлі-зайыптылардың кәмелетке толмаған ортақ балаларының болуына қарамастан, ерлі-зайыптылардың біреуінің өтініші бойынша тіркеуші органдарда бұзылады.

3. Некенің (ерлі-зайыптылықтың) бұзылуын мемлекеттік тіркеуді осы Кодексте белгіленген тәртіппен тіркеуші орган жүргізеді[2].

Халықаралық жеке құқықтағы неке-отбасы қатынастары мәселелеріне халықаралық сипаты бар некені тоқтату, некені жарамсыз деп тану, жұбайлар арасындағы мүлікті анықтау, алименттік міндеттерді реттеу, бала асырап алу және басқа да қатынастарын жатқызамыз. Отбасы құқығында алимент сөзі (лат. alimentum- ұстау, асырау) деген мағынада, яғни зандарда көзделгендей бір отбасы мүшесі басқа отбасы мүшесін асырауға міндеттенеді[3].

“Алимент” деген сөзге мінездеме беретін болсақ, ол: отбасында баланың өмір сүру көзі болып қызмет атқарады; тұра бағытталған мақсаты кәмелетке толмаған баланы асырау; ай сайынғы тұрақты төленетін сомма; ата-аналардың жеке міндеттеріне жатады; аса дербес мінездемесі бар; баланың тұмысынан төлеу басталып және баланың кәмелет жасқа толып, толық әрекет қабілеттілік бар болған тоқталады; әрбір кәмелетке толмаған балаларға төленеді (ол қай жерде болмасын, яғни балалар мекемесінде, басқа да табыс

көздері болған жағдайда төленеді.); міндеттеме ретінде қарастырылады, егер төленбекен жағдайда қылмыстық жазаға тартылады.

Алименттік міндеттемелер “Неке және отбасы” Кодексімен ғана емес, сонымен қатар кейбір шет елдерде Азаматтық кодекспен реттеледі. Мысалы, Грузия, Франция, Германия, Перу, Испания, Греция, Португалия және т.б. кей мемлекеттерде отбасы қатынастары Азаматтық кодексте реттеледі. Беларуссия, Украина, РФ, Вьетнам, Куба және т.б. мемлекеттерде отбасы кодекстерімен реттеледі. АҚШ-та ата-аналар некелерін бұзған жағдайда сот кәмелетке толмаған балаға әкесіне алимент төлеттіреді. АҚШ-тың соттары және көптеген Еуропа мемлекеттерінің алименттік міндеттемелері борышкердің қайтыс болғаннан соң тоқтатылады деген пікірді ұстанады. Бірақта кейбір штаттарда (Uniform Marriage and Divorce Act) – (некені бұзы туралы біркелкі заң) алимент төлеу міндеттемелері борышкердің өлімімен тоқтатылмайды, алименттік міндеттемелер баланың кәмелетке толғанша жалғасады. Англияда балаға алимент төлеу бала он алты жасқа келгенше төленеді. Баланың алуды он алты жастан кейін оқу орнына түссе, әрі қарай кәсіптік дайындықтан өтіп жатса, баланың осы жаста жұмыс істеуіне не істеуіне қарамастан сот тәртібімен алиментті өндіріп алуға болады. Балаға алимент өндіру түрлері: тұрақты анықталған соммада; кезеңдермен төлеу соммасы; мүлікті қайта бөлу. Франция мемлекетінде алименттік міндеттемелер Азаматтық кодекспен реттеледі. Францияның Азаматтық кодексінің 217-бабы бойынша “ерлі-зайыптылар отбасыға мүмкіндігінше өздерінің үлесін қосу қажет”. Ерлі-зайыптылардың әрқайсысы бір-бірінен алимент талап етуге құқылы. Бұрынғы жұбайы апатқа, денсаулығына, белгілі жасына байланысты әйелінен алимент сұрауға құқығы бар. Франция соты ерлі-зайыптылар ажырасқан кезде мынадай жағдайларды ескереді:

- Ерлі-зайыптылардың материалдық жағдайын, табыс көздерін таба алатындығын, мүліктік жағдайын және өзге табыс көздерін анықтайды;
- Баланың бар екенін және егер араларында бала болса, баланың материалдық жағдайын және қажеттілігін анықтайды;
- Ерлі-зайыптылардың жастарына байланысты денсаулығын анықтайды;
- Ерлі-зайыптылардың әрқайсысының қаржы және біліктілігін анықтайды[4].

Қазіргі уақытта Қазақстан азаматтары мен басқа елдердің азаматтары арасында некелер жиі қыллады. Бұл азаматтардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге келуі мен кетуінің неғұрлым еркін болуына, Интернет арқылы танысадың кең таралуына, сондай-ақ туристік және іскерлік сапарлар барысында шетелдік азаматтармен қарым-қатынастың орнатылуына байланысты. КР Президентінің 1995ж.19.06. №2337 "Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы" Зандық күші бар Жарлығының 14-бабында шетел азаматтары Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасының азаматтарымен және басқа да адамдармен неке қия алады, бұза алады, Қазақстан Республикасының зандары мен халықаралық шарттарына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей неке және отбасы қатынастарындағы құқықтарды

пайдаланады және міндеттерді атқарады деп бекітілген. Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдіктермен немесе азаматтығы жоқ адамдармен неке қиоды (ерлі-зайыпты болуды) мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жалпы негіздерде Қазақстан Республикасының тіркеуші органдарында не некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) тілек білдірген адам азаматы болып табылатын шет мемлекеттің дипломатиялық өкілдігінде, консулдық мекемесінде жүргізіледі[5].

Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматы некеге тұру үшін өтініш берген кезде шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхатын ұсынады. Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдік Қазақстан Республикасында уақытша тұруға рұқсат беретін Қазақстан Республикасының Ішкі істер органы берген құжатты ұсынады. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адам тұрғылықты жері бойынша тіркелген туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының белгісі бар азаматтығы жоқ адамның куәлігін ұсынады. Қазақстан Республикасында уақытша болатын азаматтығы жоқ адам өзі тұратын елдің құзыретті органдары берген және Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарында тіркелген оның жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады. Жеке басты куәландыратын құжаттарды ұсынумен қатар, олардың мәтінінің мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасын ұсыну қажет. Некені тіркеуге өтініш беру кезінде шетелдік азамат ол азаматы болып табылатынын мемлекеттің құзыретті органы немесе консулдығымен (елшілігі) берілген, оның некеде тұрмағанын және некеге тұруына кедергінің жоқ екенін раставитынанықтаманы ұсынуы қажет. Анықтама халықаралық шарттарға сәйкес апостильденген немесе заңдастырылған болуы және мемлекеттік не орыс тіліне аударылған болуы тиіс. Аударма нотариалды куәландырылады. Паспорттарында отбасылық жағдайы туралы мәліметтері бар азаматтарға отбасылық жағдайы туралы анықтама ұсынуға қатысты талаптар қолданылмайды[6].

UNSTAT (БҰҰ Статистикалық бөлімі) мәліметтеріне қарағанда неке коэффиценті бойынша Қазақстан БҰҰ-ға кіретін 100 елдің ішінде 16-орнында тұр. Қазақстан Иран, Ресей, Албания, Тәжікстан мен Мысыр сияқты елдерден кейін тұрақтаған. Ал ажырасу коэффиценті бойынша Қазақстан осы елдер арасында 24-орында. Еуропа елдерінің ішінде ажырасу коэффиценті ең жоғары Бельгия, Португалия, Венгрия болып табылады. БҰҰ Статистикалық бөлімінің соңғы 5 жылдық зерттеулері бойынша 2013-2017 ж. Аралығы, қала мен ауылдағы некелер: Барлығы-141 791; Қала - 96 865; Ауыл - 44 926. Ал ажырасу статистикасына қарасақ: Барлығы - 54 626; Қала - 40 774; Ауыл - 13 852 құрайды[7]. 2015 жылы Қазақстанда заңды тіркелген неке 148 769-ды құраган. 2016 жылдың қантар-сәуір айында 39 682 неке заңдастырылған. Неке қиу 4,6% төмендеген. 2017 жылдың қантар-сәуір айында 16 338 ажырасу фактісі тіркелген. Қазақстанда ажырасу ең көп тіркелетін

аймақтарға Павлодар облысы (53%), Қостанай облысы (51%), Солтүстік Қазақстан облысы (50%) жатады. Ал ажырасу аз тіркелген аймақ ОҚО.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1 Неке және отбасы құқығы негіздері - <http://bilim-all.kz>
- 2 Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексі -  
<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>
- 3 ХЖК Неке- отбасы қатынастары - <https://el.kz/kz/news/archiv>
- 4 Гришин И.П. Право на алименты. - М.: Юридическая литература, 1998.
- 5 Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы -  
[http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002337\\_#z17](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U950002337_#z17)
- 6 ҚР азаматтарының шет елдің азаматымен неке қиуы -  
<http://www.sko.adilet.gov.kz/kk/news/sheteldik-neke-ony-kiyu-sharttary>
- 7 БҮҰ Статистикалық бөлімі - [https://unstats.un.org/unsd/demographic-social/products/dyb/dyb\\_2017/](https://unstats.un.org/unsd/demographic-social/products/dyb/dyb_2017/)